

Қытай Халық Республикасынан шығатын және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін графиттелген электродтарға қатысты демпингке қарсы баж енгізу арқылы демпингке қарсы шараны қолдану туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2025 жылғы 17 қарашадағы № 101 шешімі

Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 8 қосымша) 107-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссияның Ішкі нарықты қорғау департаментінің баяндамасы негізінде Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін, диаметрі 520 мм-ден асатын, бірақ 650 мм-ден аспайтын дөңгелек қималы графиттелген, пештерде пайдаланылатын электродтарға немесе көлденең қимасының ауданы 2700 см²-ден асатын, бірақ 3300 см²-ден аспайтын өзге қималы электродтарға қатысты, Қытай Халық Республикасынан шыққан және ЕАЭО СЭҚ ТН 8545 11 002 0 коды бойынша жіктелетін тауарларға қосымша № 1-ге сәйкес мөлшерлерде демпингке қарсы баж енгізу арқылы демпингке қарсы шара қолданылсын, осы демпингке қарсы шараның қолданылу мерзімі 5 жыл болып белгіленсін.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден ісі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдары ЕАЭО СЭҚ ТН кодын басшылыққа ала отырып, осы Шешімде көзделген демпингке қарсы баждың алынуын қамтамасыз етсін.

3. Еуразиялық экономикалық комиссияның Ішкі нарықты қорғау департаментіне:

"Эл 6" жауапкершілігі шектеулі қоғамының диаметрі 520 мм-ден асатын, бірақ 650 мм-ден аспайтын графиттелген электродтарды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге жеткізуді жоспарлау, келіссөздер жүргізу және жүзеге асыру жөнінде өзі ұсынған ұсынылатын тәсілдерді (№ 2 қосымшаға сәйкес) (бұдан әрі – ұсынылатын тәсілдер) сақтауына мониторинг жүргізісін;

"Эл 6" жауапкершілігі шектеулі қоғамы ұсынылатын тәсілдерді сақтамаған жағдайда, Хаттаманың 110-тармағына сәйкес демпингке қарсы қайта тергеп-тексеру жүргізу мәселесін қарастырсын.

4. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап 30 күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

Демпингке қарсы баж СТАВКАСЫНЫҢ МӨЛШЕРІ

Тауардың атауы	Өндіруші	Демпингке қарсы баж ставкасының мөлшері (кедендік құннан пайызбен).
Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2025 жылғы 17 қарашадағы № 101 шешімінің 1-тармағында көрсетілген графиттелген электродтар.	Jilin Carbon Company Ltd. (заңды мекен-жайы: 9 Heping Street, Jilin City, Jilin Province, China) Jimeng Carbon Co., Ltd. (заңды мекен-жайы: Fluorinated Industrial Zone, Fengzhen City, Wulanchabu City, Inner Mongolia Autonomous Region, China)	19,92
	Fangda Carbon New Material Co., Ltd. (заңды мекен-жайы: No.11 Carbon Road, Haishiwan Town, Honggu District, Lanzhou City, Gansu Province, China)	21,73
	Jiangsu Jianglong New Energy Technology Co., Ltd. (заңды мекен-жайы: No.8 Industrial Avenue Yangtun Town, Pei County, Jiangsu Province, China)	22,51
	Anshan Carbon Co., Ltd. (заңды мекен-жайы: Ben Street, Xinkaihe Town, Tai'an County, Anshan City, Liaoning Province, China)	20,83
	Yingkou Deyuan Carbon Co., Ltd. (заңды мекен-жайы: Chenjjiacun, Nanlou Economic Development Zone, Yingkou, Liaoning Province, China)	20,83
	Liaoning Dantan New Materials Co., Ltd. (заңды мекен-жайы: Zhangjiagou, Dixiongshan Town, Fengcheng City, Dandong, Liaoning Province, China)	20,83
басқа		22,51

Диаметрі 520 мм-ден асатын, бірақ 650 мм-ден аспайтын графиттелген электродтарды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге жеткізуді жоспарлау, келіссөздер жүргізу және жүзеге асыру жөніндегі ҰСЫНЫЛАТЫН ТӘСІЛДЕР

1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердегі тұтынушылармен диаметрі 520 мм-ден асатын, бірақ 650 мм-ден аспайтын графиттелген электродтарды (бұдан әрі – графиттелген электродтар) жеткізу бойынша міндеттемелердің туындауына қатысты келіссөздер жүргізу және (немесе) бұрын басталған келіссөздерді жалғастыру, 2026 – 2030 жылдар кезеңінде қолданылатын, 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге ұзақ мерзімді негізде формулалық баға белгілеуді қолдана отырып жүзеге асырылады.

2. Графиттелген электродтарға қатысты ашық, бәсекелестікке негізделген және негізделген баға белгілеу қағидаттарын сақтау, оның ішінде графиттелген электродтардың бағасының ашық аналитикалық көздерде жарияланатын графиттелген электродтар мен шикізатқа арналған баға котировкаларының өзгеру динамикасына тәуелділігін көздейтін формулалық баға белгілеу тетіктерін қолдану арқылы, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердегі тұтынушыларға тікелей жеткізу кезінде қамтамасыз етіледі.

3. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердегі тұтынушылардың өтінімдеріне сәйкес, графиттелген электродтарды тұтынушыларға тікелей үздіксіз жеткізу, сондай-ақ келісілген міндеттемелердің шарттарына қатаң сәйкес қамтамасыз етіледі.

4. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердегі тұтынушылармен жасалған ұзақ мерзімді келісімшарттарға сәйкес графиттелген электродтарды жеткізуге басымдық беру, формулалық баға белгілеуді қолдану арқылы, Еуразиялық экономикалық одақ нарығына споттық (қысқа мерзімді, бір реттік) жеткізілімдерге қарамастан жүзеге асырылады.